

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарының бір-бірімен және Еуразиялық экономикалық комиссиямен трансшекаралық өзара іс-қимылы кезінде электрондық құжаттармен алмасу туралы ережені бекіту туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 28 қыркүйектегі № 125 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 3 қосымша) 3, 4 және 30-тармақтарына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Қоса беріліп отырған Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарының бір-бірімен және Еуразиялық экономикалық комиссиямен трансшекаралық өзара іс-қимылы кезінде электрондық құжаттармен алмасу туралы ереже бекітілсін.

2. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарының өзара және Еуразиялық экономикалық комиссиямен өзара іс-қимылы кезінде Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесін пайдалана отырып, мүше мемлекеттер пайдаланатын электрондық құжат айналымы жүйелерінің арасында электрондық құжаттармен алмасу мүмкіндігін өз заңнамасында бекітуді қамтамасыз етсін.

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

В.Христенко

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2015 жылғы 28 қыркүйектегі
№ 125 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарының бір-бірімен және Еуразиялық экономикалық комиссиямен трансшекаралық өзара іс-қимылы кезінде электрондық құжаттармен алмасу туралы ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже интеграцияланған жүйе шеңберінде заңды маңызы бар электрондық құжаттармен алмасуды қамтамасыз ету мақсатында сыртқы және өзара сауданың

интеграцияланған ақпараттық жүйесінде және оның функционалдық мүмкіндіктерін кеңейту негізінде құрылған Одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің (бұдан әрі тиісінше – мүше мемлекеттер, Одақ) мемлекеттік билік органдарының бір-бірімен және Еуразиялық экономикалық комиссиямен (бұдан әрі – Комиссия) трансшекаралық өзара іс-қимылы кезінде электрондық құжаттармен алмасу тәртібін белгілейді, сондай-ақ электрондық құжаттармен алмасуға қатысушылардың құрамын, электрондық цифрлық қолтаңбамен электрондық құжатқа қол қою (электрондық қол қою) талаптарын және электрондық құжаттармен алмасуға қатысушылардың жауапкершілігін айқындайды.

2. Осы Ережеде пайдаланылатын ұғымдар мыналарды білдіреді:

"XML" – Ғаламтор Консорциумы (W3C) ұсыным берген белгілеудің кеңейтілген тілі;

"XML-құжат" XML талаптарына сәйкес келетін деректер жиынтығы;

"XML каноникализациялау" - XML-құжаттарды XML каноникалық нысанына айналдыру процесі;

"сенім білдірілген үшінші тараптың түбіртегі" –электрондық құжаттың және электрондық цифрлық қолтаңбаның (электрондық қолтаңбаның) электрондық құжатта төлнұсқалығын тексеру нәтижесін растау үшін сенім білдірілген үшінші тарап қалыптастырған және сенім білдірілген үшінші тараптың электрондық цифрлық қолтаңбасы (электрондық қолтаңба) қойылған электрондық құжат;

"криптографиялық стандарт"–электрондық цифрлық қолтаңбаларды (электрондық қолтаңбалар) қалыптастыру мен тексеру қағидаларын белгілейтін техникалық ерекшеліктердің жиынтығы;

"жөнелтуші" – электрондық құжатты жөнелтетін немесе оның атынан жөнелтілетін электрондық құжаттармен алмасуға қатысушы;

"алушы" –электрондық құжат жөнелтілген электрондық құжаттармен алмасуға қатысушы;

"жөнелтушінің сегменті", "алушының сегменті" –жөнелтушінің (алушының) ақпараттық жүйелерін электрондық құжаттарды жөнелту (қабылдау) үшін пайдаланатын мүше мемлекеттің ұлттық сегменті немесе Комиссияның интеграцияланған сегменті;

"ЭЦҚ-ны тексеру кілтінің сертификаты", "сертификат" –куәландырушы орталық шығарған, куәландырушы орталықтың жабық (жеке) кілтімен қол қойылған және сертификатта көрсетілген ашық кілттің электрондық құжаттармен алмасуға белгілі бір қатысушыға тиесілігін растайтын ақпарат пен тиісті криптографиялық стандарттарда көзделген өзге де ақпаратты қамтитын электрондық құжат;

"интеграцияланған жүйенің сенім білдірілген үшінші тарапының қызметі" - мүше мемлекеттердің сенім білдірілген үшінші тараптары мен Комиссияның

интеграцияланған жүйеде электрондық құжаттармен алмасу кезінде бірыңғай трансшекаралық сенім кеңістігін қамтамасыз ететін сервистерінің жиынтығы;

"хабарлама" – интеграцияланған жүйеде жөнелтушіден алушыға берілетін ресмилендірілген ақпарат;

"X.509 стандарты" – "Ақпараттық технологиялар. Ашық жүйелердің өзара байланысы. Анықтама: Ашық кілттер мен атрибуттар сертификаттарының құрылымдары" ITU-T X.509 стандарты;

"XadES стандарты" –XML форматында электрондық цифрлық қолтаңбаның (электрондық қолтаңбаның) кеңейтілген форматын сипаттайтын XML Advanced Electronic Signature стандарты;

"XMLDSig стандарты"–XML форматында синтаксис және электрондық цифрлық қолтаңбаны (электрондық қолтаңбаны) өңдеу стандарты;

"куәландырушы орталық" – Комиссияның актілеріне, мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес ЭЦҚ-ны тексеру кілттерінің сертификаттарын шығару, тарату, сақтау және осы сертификаттардың жарамдылығын тексеру жөніндегі қызметтер көрсетуді қамтамасыз ететін уәкілетті орган немесе ұйым;

"электрондық цифрлық қолтаңба (электрондық қолтаңба)", "ЭЦҚ" –электрондық түрдегі басқа ақпаратпен қосылған немесе өзгеше түрде мұндай ақпаратпен байланысты электрондық түрдегі ақпарат, осы ақпараттың тұтастығы мен төлнұсқалығын бақылау үшін пайдаланылады, авторлықтан бас тартудың мүмкін еместігін қамтамасыз етеді, жабық (жеке) кілтті пайдалана отырып, осы ақпаратқа қатысты криптографиялық түрлендіруді қолдану арқылы әзірленеді және ашық кілтті пайдалана отырып, тексеріледі;

"электрондық құжаттың заңды маңыздылығы" – осы электрондық құжаттың мазмұнын төлнұсқа ретінде қабылдауға мүмкіндік беретін электрондық құжаттың ерекшелігі.

Осы Ережеде пайдаланылатын өзге ұғымдар Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттамада (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 3 қосымша) (бұдан әрі – Хаттама) айқындалған мағыналарда қолданылады.

3. Электрондық құжаттармен алмасуға байланысты туындайтын қатынастар 2014 жылғы 24 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартпен, Одақ құқығына кіретін өзге де халықаралық шарттармен, осы Ережемен, Комиссия бекітетін Одақ шеңберіндегі ортақ процестердің интеграцияланған жүйесінің құралдарын іске асыру кезінде ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттармен (бұдан әрі – ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар), сондай-ақ мүше мемлекеттердің заңнамасымен реттеледі.

4. Ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар Еуразиялық экономикалық комиссияның 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешіміне сәйкес әзірленеді.

5. Электрондық құжаттарды ресімдеуге қойылатын талаптар №1-4 қосымшаларға сәйкес айқындалды.

Осы Ережеге №1-4 қосымшаларда айқындалған талаптарды есепке алғанда, осы Ережеге сәйкес ресімделген электрондық құжаттар қағаз жеткізгіште ресімделген және қолтаңбамен немесе қолтаңбамен және мөрмен куәландырылған тең құжаттар болып танылады.

II. Электрондық құжаттармен алмасуға қатысушылар

3. Интеграцияланған жүйе шеңберінде электрондық құжаттармен алмасуға қатысушылар:

а) Комиссия;

б) уәкілетті органдар немесе олар айқындаған (аккредиттеген) ұйымдар;

в) мүше мемлекеттер мен Комиссияның сенім білдірілген үшінші тараптары;

г) мүше мемлекеттер мен Комиссияның куәландырушы орталықтары, интеграцияланған жүйенің сенім білдірілген үшінші тараптарының куәландырушы орталықтары;

д) ұйымдар – мүше мемлекеттердің ұлттық сегменттерінің және Комиссияның интеграциялық сегментінің интеграциялық шлюздерінің операторлары;

е) Комиссияның, сенім білдірілген үшінші тараптардың, уәкілетті органдардың немесе олар айқындаған (аккредиттеген) ұйымдардың, сондай-ақ мүше мемлекеттер мен Комиссияның электрондық құжаттармен алмасуға өз атынан қатысатын куәландырушы орталықтары.

7. Электрондық құжаттармен алмасуға қатысушылардың құрамын айқындауды мыналар жүзеге асырады:

а) мүше мемлекеттер – уәкілетті органдарға, сенім білдірілген үшінші тараптарға, куәландырушы орталықтарға, ұйымға – осы мүше мемлекеттің ұлттық сегментінің интеграциялық шлюзінің операторына қатысты;

б) уәкілетті органдар немесе олар айқындаған (аккредиттеген) ұйымдар – осы уәкілетті органдардың немесе ұйымдардың лауазымды адамдары мен қызметкерлеріне қатысты;

в) Комиссия – Комиссияның сенім білдірілген үшінші тарапына, Комиссияның куәландырушы орталығына, интеграцияланған жүйенің сенім білдірілген үшінші тарапының куәландырушы орталығына, осы органдардың лауазымды адамдарына қатысты, сондай-ақ Комиссияның лауазымды адамдары мен қызметкерлеріне қатысты.

8. Электрондық құжаттармен алмасуға қатысушылар мынадай функцияларды жүзеге асырады:

а) жөнелтуші – электрондық құжатты дайындау, оған ЭЦҚ қол қою және алушыға жөнелту;

б) алушы – жөнелтушіден алынған электрондық құжатты және жөнелтушінің электрондық құжатының төлнұсқалығын тексеру үшін алушының сенім білдірілген үшінші тарапының түбіртегін қабылдау және өңдеу;

в) ұйымдар – интергацияланған жүйенің интеграциялық шлюздерінің операторлары – электрондық құжаттарды трансшекаралық беруді қамтамасыз ету, сондай-ақ алушы көрінеу өңдеуге тиіс емес және өңдеуі мүмкін емес төлнұсқа емес электрондық құжаттарды беруге жол бермеу мақсатында сенім білдірілген үшінші тараптың түбіртектерін тексеру;

г) жөнелтушінің сенім білдірілген үшінші тарапы – электрондық құжаттың және электрондық құжат ЭЦҚ төлнұсқалығын тексеру, тексеру нәтижесімен жөнелтушінің сенім білдірілген үшінші тарапының түбіртегін қалыптастыру және оған қол қою;

д) алушының сенім білдірілген үшінші тарапы – жөнелтушінің сенім білдірілген үшінші тарапы түбіртегінің және осы түбіртектегі ЭЦҚ төлнұсқалығын тексеру және тексеру нәтижесімен алушының сенім білдірілген үшінші тарапының түбіртегіне қол қою; е) мүше мемлекеттің куәландырушы орталығы және Комиссияның куәландырушы орталығы – сертификаттар беру, өз құзыреті шегінде берілген сертификаттардың өзектілігін тексеруге арналған сервистер, жөнелтушінің сенім білдірілген үшінші тарапы арқылы ЭЦҚ-ны тексеру кезінде пайдаланылған сертификаттар иелерінің өкілеттіктерін (құқықтық мәртебелерін) тексеруге арналған сервистер, сондай-ақ уақытты көрсететін мөртабанның сервисін ұсыну;

ж) сенім білдірілген үшінші тараптың куәландырушы орталығы – мүше мемлекеттердің сенім білдірілген үшінші тараптарына сертификаттар беру, берілген сертификаттардың өзектілігін тексеруге арналған сервистер және уақытты көрсететін мөртабанның сервисін ұсыну.

9. Электрондық құжаттармен алмасуға қатысушылар:

а) электрондық құжаттармен алмасу процесінде осы Ережені сақтауға;

б) бағдарламалық-аппараттық құралдар жұмысындағы техникалық ақаулардың электрондық құжаттармен алмасуға кедергі келтіретін барлық жағдайлары туралы бір-біріне хабарлауға;

в) дау-дамай жағдайлары туындаған кезде оларды шешуге қатысуға;

г) Комиссия актілері мен мүше мемлекеттер заңнамаларының талаптарына сәйкес ақпарат қорғауды қамтамасыз етуге;

д) тиісті мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес берілген ЭЦҚ құралдарын, қолда бар сәйкестік сертификаттарын пайдалануға міндетті.

10. Қажет болған кезде электрондық құжаттармен алмасуға қатысушыларға қойылатын талаптар Комиссия Хаттаманың 18-тармағында көзделген трансшекаралық сенім кеңістігін құруға, дамытуға және олардың жұмыс істеуіне қойылатын талаптарды

бекіткеннен кейін өзектендірілуі мүмкін, ал осы Ережені өзектендіру қажетті халықаралық стандарттар мен ұсынымдардың оқшауландырылған нұсқаларын қабылдағаннан кейін, сондай-ақ Комиссия мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары, шаруашылық жүргізуші субъектілері және жеке тұлғалары арасындағы өзара іс-қимыл кезінде ақпаратты құжаттау қағидаларын бекіткеннен кейін жүргізіледі.

III. Электрондық құжаттармен алмасу

1. Электронды құжаттармен алмасу кезінде криптографиялық стандарттарға қойылатын талаптар

11. Электрондық құжаттармен алмасу кезінде қатысушылар мынадай криптографиялық стандарттарды пайдаланады:

а) мүше мемлекеттің бір ұлттық сегментінің шеңберінде жөнелтушілер (алушылар) мен сенім білдірілген үшінші тарап арасындағы өзара іс-қимыл кезінде - осы мүше мемлекеттің криптографиялық стандарттары;

б) Комиссияның интеграциялық сегментінің шеңберінде жөнелтушілер (алушылар) мен сенім білдірілген үшінші тарап арасындағы өзара іс-қимыл кезінде - Комиссия осы мақсаттар үшін бекіткен криптографиялық стандарт.

12. Интеграцияланған жүйенің сенім білдірілген үшінші тарапының өзара қызмет сервистерінің өзара іс-қимылы кезінде Комиссия осы мақсаттар үшін бекіткен ЭЦҚ-ның келісілген криптографиялық стандарты және хэштеу функциясының келісілген криптографиялық стандарты (интеграцияланған жүйенің сенім білдірілген үшінші тарапының қызмет стандарттары) пайдаланылады.

2. Электрондық құжаттармен алмасу тәртібі

13. Одақ шеңберіндегі ортақ процестерді (бұдан әрі – ортақ процестер) іске асыру кезінде электрондық құжаттармен алмасу ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттарға сәйкес, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық комиссияның 2015 жылғы 27 қаңтардағы №5 шешімімен бекітілген Сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінде деректермен электрондық алмасу қағидаларына (бұдан әрі – Деректермен электрондық алмасу қағидалары) сәйкес орындалады.

14. Ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттарда көзделген электрондық құжаттарды ресімдеу осы Ережеге № 1 қосымшада айқындалған талаптарға сәйкес ортақ процестің интеграцияланған жүйесінің құралдарымен іске асыру кезінде ортақ процеске қатысушылар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентінде ортақ процестің әрбір транзакциясы үшін көрсетілген " ЭЦҚ белгісі" өлшемі мәнінің негізінде орындалады ("иә" немесе "жоқ" деген мән қабылдайды).

Егер өлшем "иә" деген мәнді қабылдаса, онда ортақ процестердің транзакциялары шеңберінде берілетін деректер электрондық құжаттар түрінде ресімделеді. Ерекшеліктер белгілері мен растау белгілері және қызметтік хабарламалар арқылы берілетін деректер, егер ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттарда немесе Одақ құқығына кіретін актілерде өзгеше айқындалмаса, электрондық құжаттар түрінде ресімделмейді.

Егер өлшем "жоқ" деген мәнді қабылдаған жағдайда ортақ процесс транзакциясының шеңберіндегі деректермен электрондық алмасуға қойылатын осы Ереженің талаптары қолданылмайды.

15. Электрондық құжаттармен алмасу процесінде мүше мемлекеттің ұлттық сегментінің (Комиссияның интеграциялық сегментінің) шегінде сенім білдірілген үшінші тараптардың интеграциялық шлюздері мен сервистері № 5 қосымшаға сәйкес сипаттамаға сәйкес құрастырылатын және № 6 қосымшаға сәйкес сипаттамаға сәйкес деректермен электрондық алмасу хаттамасы арқылы берілетін хабарламалармен алмасады.

16. Жөнелтуші мынадай іс-қимылдарды орындайды:

- а) электрондық құжатты қалыптастырады және оған қол қояды;
- б) электрондық құжатты хабарлама түрінде ресімдейді;
- в) жөнелтушінің интеграциялық шлюзіне алушыға арналған хабарлама жолдайды;

17. Жөнелтушінің интеграциялық шлюзі арқылы жөнелтушіден хабарлама қабылданады және жөнелтушінің сенім білдірілген үшінші тарапына арналған жаңа хабарлама қалыптастырылады, оған алынған электрондық құжат салынады. Жөнелтушінің интеграциялық шлюзінде қалыптастырылған хабарлама жөнелтушінің сенім білдірілген үшінші тарапына беріледі.

18. Жөнелтушінің сенім білдірілген үшінші тарапы интеграциялық шлюзден келіп түскен хабарламаны қабылдайды және электрондық құжаттағы әрбір ЭЦҚ үшін мынадай жиынтық талаптардың сақталуын тексереді:

- а) ЭЦҚ қол қойылған деректер тұтастығының бұзылмауы;
- б) ЭЦҚ ашық кілттің тиісті сертификатының (ЭЦҚ-ны тексеру кілтінің сертификаты) осы ЭЦҚ құрамында көрсетілген жабық (жеке) кілтті пайдалана отырып, әзірленуі;
- в) ЭЦҚ-ны тексеру кілтінің сертификаты электрондық құжатқа қол қою кезінде жарамды;
- г) сертификаттар тізбесінен алынған) куәландырушы орталықтың әрбір сертификатының қол қою кезінде жарамдылығы.

19. Жөнелтушінің сенім білдірілген үшінші тарапы электрондық құжатты тексеру нәтижелері бойынша жөнелтушінің сенім білдірілген үшінші тарапының түбіртегі осы Ережеге № 3 қосымшада айқындалған талаптарға және №7 қосымшаның үлгісіне сәйкес қалыптастырылады. Жөнелтушінің сенім білдірілген үшінші тарапының

түбіртегіне интеграцияландырылған жүйенің сенім білдірілген үшінші тарапы қызметінің криптографиялық стандартына сәйкес жөнелтушінің сенім білдірілген үшінші тарапының ЭЦҚ қолы қойылады. Сенім білдірілген үшінші тарап қызметінің криптографиялық стандартын сәйкестендіру үшін түбіртек құрылымында №8 қосымшаға сәйкес тізбе бойынша алгоритмдер сәйкестендіргіштері пайдаланылады.

20. Жөнелтушінің сенім білдірілген үшінші тарапы түбіртектің өзіне уақыт көрсетілген тиісті мөртабаны бар өз ЭЦҚ-мен түбіртекке қол қою уақыты электрондық құжатты жөнелту уақыты болып табылады.

21. Жөнелтушінің сенім білдірілген үшінші тарапы жөнелтушінің интеграциялық шлюзіне арналған хабарлама дайындайды, оған жөнелтушінің сенім білдірілген үшінші тарапының электрондық құжаты мен түбіртегі салынып, жөнелтушінің интеграциялық шлюзіне беріледі.

22. Жөнелтушінің интеграциялық шлюзі жөнелтушінің сенім білдірілген үшінші тарапынан хабарламаны қабылдайды.

23. Егер жөнелтушінің сенім білдірілген үшінші тарапының түбіртегі электрондық құжаттың немесе электрондық құжаттағы ЭЦҚ төлнұсқалығын тексерудің теріс нәтижесін куәландыратын болса, онда жөнелтушінің интеграциялық шлюзі ЭЦҚ-ны тексеру дің теріс нәтижесі себебіне байланысты қате туралы хабарламаны қалыптастырады және жөнелтушіге жолдайды.

Егер қате туралы хабарламаны Комиссияның интеграциялық сегментінің интеграциялық шлюзі қалыптастыратын болса, ол Деректермен электрондық алмасу қағидаларына сәйкес "int:Receipt Еггог" кодымен қате туралы технологиялық хабарлама болуға тиіс.

Егер қате туралы хабарламаны мүше мемлекеттің ұлттық сегментінің интеграциялық шлюзі қалыптастыратын болса, қате туралы хабарлама құрылымына қойылатын талаптарды мүше мемлекет айқындайды.

24. Егер жөнелтушінің сенім білдірілген үшінші тарапының түбіртегі электрондық құжаттың немесе электрондық құжаттағы ЭЦҚ төлнұсқалығын тексерудің оң нәтижесін куәландыратын болса, онда жөнелтушінің интеграциялық шлюзі мынадай іс-қимылдарды орындайды:

а) электрондық құжат пен жөнелтушінің сенім білдірілген үшінші тарапының түбіртегін тақырыптар блогы осы Ереженің 17-тармағына сәйкес жөнелтушінің интеграциялық шлюзі алған хабарлама тақырыптарының блогына сәйкес келетін хабарламаға салу;

б) алушының интеграциялық шлюзіне хабарламаны беру.

25. Алушының интеграциялық шлюзі жөнелтушінің интеграциялық шлюзінен хабарламаны алады және алушының сенім білдірілген үшінші тарапы үшін

электрондық құжат пен жөнелтушінің сенім білдірілген үшінші тарапының түбіртегі салынатын жаңа хабарлама қалыптастырылады. Қалыптастырылған хабарламаны интеграциялық шлюз алушының сенім білдірілген үшінші тарапына береді.

26. Алушының сенім білдірілген үшінші тарапы алушының интеграциялық шлюзінен келіп түскен хабарламаны қабылдайды және жалпы мынадай талаптардың сақталуын тексереді:

а) хабарламаға жөнелтушінің сенім білдірілген үшінші тарапының түбіртегінің салынуы;

б) жөнелтушінің сенім білдірілген үшінші тарапының түбіртегі қалыптастырылған электрондық құжат тұтастығының бұзылмауы;

в) түбіртекке жөнелтушінің сенім білдірілген үшінші тарапының жабық (жеке) кілтін пайдалана отырып, әзірленген жөнелтушінің сенім білдірілген үшінші тарапының ЭЦҚ қолы қойылуы, ашық кілт сертификаты (ЭЦҚ-ны тексеру кілтінің сертификаты) осы ЭЦҚ құрамында көрсетілуі;

г) жөнелтушінің сенім білдірілген үшінші тарапының ЭЦҚ-ны тексеру кілтінің сертификатын интеграцияландырылған жүйенің куәландырушы орталығы дайындауы және жөнелтушінің сенім білдірілген үшінші тарапының түбіртегіне қол қою кезінде жарамдылығы;

д) интеграцияландырылған жүйенің куәландырушы орталығының ЭЦҚ-ны тексеру кілтінің сертификаты жөнелтушінің сенім білдірілген үшінші тарапының түбіртегіне қол қою кезінде жарамдылығы;

е) жөнелтушінің сенім білдірілген үшінші тарапының түбіртегі электрондық құжаттың және электрондық құжаттағы ЭЦҚ төлнұсқалығын тексерудің оң нәтижесін куәландыруы.

27. Жөнелтушінің сенім білдірілген үшінші тарапының электрондық құжаты мен түбіртегін тексеру нәтижелері бойынша алушының сенім білдірілген үшінші тарапының түбіртегі қалыптастырылады, оған алушы юрисдикциясының криптографиялық стандартына сәйкес ЭЦҚ қол қойылады. Жөнелтушінің сенім білдірілген үшінші тарапының түбіртегі алушының сенім білдірілген үшінші тарапы түбіртегінің құрамына енгізіледі. Алушының сенім білдірілген үшінші тарапының жөнелтушінің сенім білдірілген үшінші тарапының түбіртегін өңдеуі және алушы үшін түбіртек қалыптастыруы осы Ережеге №3 қосымшада айқындалған талаптарға сәйкес жүзеге асырылады. Электрондық құжатты алушы юрисдикциясының криптографиялық стандартын сәйкестендіру үшін түбіртек құрылымында осы Ережеге № 8 қосымшада көзделген алгоритмдердің сәйкестендіргіштері пайдаланылады.

28. Алушының сенім білдірілген үшінші тарапы түбіртектің өзіне уақыт көрсетілген тиісті мөртабаны бар өз ЭЦҚ-мен түбіртекке қол қою уақыты электрондық құжатты алу уақыты болып табылады.

29. Алушының сенім білдірілген үшінші тарапы алушының интеграциялық шлюзіне арналған хабарлама дайындайды, оған алушының сенім білдірілген үшінші тарапының электрондық құжаты мен түбіртегі салынып, жөнелтушінің интеграциялық шлюзіне беріледі.

30. Алушының интеграциялық шлюзі алушының сенім білдірілген үшінші тарапынан хабарламаны қабылдайды.

31. Егер алушының сенім білдірілген үшінші тарапының түбіртегі электрондық құжаттың немесе электрондық құжаттағы ЭЦҚ төлнұсқалығын тексерудің теріс нәтижесін куәландыратын болса, онда алушының интеграциялық шлюзі Деректермен электрондық алмасу қағидаларына сәйкес "ит1::КеселргЕггог" кодымен қате туралы технологиялық хабарламаны қалыптастырады.

32. Егер алушының сенім білдірілген үшінші тарапының түбіртегі электрондық құжаттың немесе электрондық құжаттағы ЭЦҚ төлнұсқалығын тексерудің оң нәтижесін куәландыратын болса, онда алушының интеграциялық шлюзі мынадай іс-қимылдарды орындайды:

а) электрондық құжат пен алушының сенім білдірілген үшінші тарапының түбіртегін тақырыптар блогы осы Ереженің 25-тармағына сәйкес жөнелтушінің интеграциялық шлюзі алған хабарлама тақырыптарының блогына сәйкес келетін хабарламаға салу;

б) алушыға хабарламаны беру.

33. Алушы алушының интеграциялық шлюзінен келіп түскен хабарламаны қабылдайды және мынадай жиынтық талаптардың сақталуын тексереді:

а) хабарламаға алушының сенім білдірілген үшінші тарапы түбіртегінің салынуы;

б) алушының сенім білдірілген үшінші тарапының түбіртегі қалыптастырылған электрондық құжат тұтастығының бұзылмауы;

в) түбіртекке алушының сенім білдірілген үшінші тарапының жабық (жеке) кілтін пайдалана отырып, әзірленген алушының сенім білдірілген үшінші тарапының ЭЦҚ қолы қойылуы, ашық кілт сертификаты (ЭЦҚ-ны тексеру кілтінің сертификаты) осы ЭЦҚ құрамында көрсетілуі;

г) алушының сенім білдірілген үшінші тарапының ЭЦҚ-ны тексеру кілтінің сертификатын интеграцияландырылған жүйенің куәландырушы орталығы дайындауы және алушының сенім білдірілген үшінші тарапының түбіртегіне қол қою кезінде жарамдылығы;

д) интеграцияландырылған жүйенің куәландырушы орталығының ЭЦҚ-ны тексеру кілтінің сертификаты алушының сенім білдірілген үшінші тарапының түбіртегіне қол қою кезінде жарамдылығы;

34. Егер осы Ереженің 33-тармағында көзделген барлық талаптардың сақталуы расталған болса, алушы электрондық құжатты өңдеу туралы шешімді қабылдайды. Өзге жағдайда электрондық құжатты өңдеуге қабылдамау туралы шешім қабылданады.

35. Егер алушы электрондық құжатты өңдеуге қабылдаудан бас тарту туралы шешім қабылдайтын болса, ол жөнелтушіге Деректермен электрондық алмасу қағидаларына сәйкес қалыптастырылған "Signature:Error" кодымен "Қате" алып тастау белгісімен жөнелтушіге жолдау арқылы бұл туралы хабарлайды.

3. Электрондық құжаттармен алмасу кезінде туындайтын штаттық емес жағдайларды шешу

36. Деректерді өңдеу техникалық іркілістер, электрондық құжаттардың немесе хабарламалар құрылымының белгіленген қағидаларға сәйкес келмеу себептеріне байланысты не басқа негіздер бойынша белгіленген тәртіпте жүргізілмеген болса, электрондық құжаттармен алмасу кезінде туындайтын жағдай штаттық емес болып танылады.

37. Штаттық емес жағдайларды шешумен сенім білдірілген үшінші тараптардың және ұйымдардың – интеграциялық шлюздер операторларының техникалық бөлімшелері айналысады.

38. Интеграцияландырылған жүйенің әрбір сегментінде штаттық емес жағдайларды шешуді қамтамасыз ететін өз техникалық бөлімшелері құрылады.

39. Сенім білдірілген үшінші тарап, егер кіріс хабарламаны өңдеу кезінде кіріс хабарламаны штаттық режимде өңдеуге мүмкіндік бермейтін мынадай күрделі кез келген қателер туындаған жағдайда қате туралы технологиялық хабарламаны ресімдейді және өз сегментінің интеграциялық шлюзіне жолдайды:

а) осы Ережеге №5 қосымшада айқындалған талаптарға хабарлама нысаны мен құрылымының сәйкессіздігі;

б) осы Ережеге № 1 қосымшада айқындалған талаптарға және осы Ережеге №2 қосымшада көзделген деректер схемасына электрондық құжат нысаны мен құрылымының сәйкессіздігі;

в) осы Ережеге № 3 қосымшада айқындалған талаптарға хабарламаға салынған жөнелтушінің сенім білдірілген үшінші тарапы түбіртегінің нысаны мен құрылымының сәйкессіздігі;

г) хабарламаны өңдеу процесінде туындайтын немесе деректер құрылымдарының хабарламалар құрамына енетін қателер.

40. Қателер туралы технологиялық хабарламаларды қалыптастыру осы Ережеге № 5 қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады.

41. Сенім білдірілген үшінші тараптан қате туралы хабарлама алынған кезде интеграциялық шлюз электрондық құжатты алушыға одан әрі берудің мүмкін еместігі туралы хабарлама қалыптастырады және жөнелтушінің атына жолдайды.

42. Осы Ереженің 41-тармағында көрсетілген қате туралы хабарламаның форматы мен құрылымына мынадай талаптар қойылады:

а) егер қате туралы хабарламаны интеграциялық шлюз қалыптастыратын болса, ол Деректермен электрондық алмасу қағидаларына сәйкес "int:InternalError" кодымен қате туралы технологиялық хабарламаны білдіруге тиіс;

б) егер қате туралы хабарламаны жөнелтушінің интеграциялық шлюзі қалыптастыратын жағдайда қате туралы хабарламаның форматы мен құрылымын мүше мемлекет айқындайды.

43. Интеграцияланған жүйенің жұмыс істеуі шеңберінде сенім білдірілген үшінші тараптардың және ұйымдардың – интеграциялық шлюздер операторларының техникалық бөлімшелері арасында өзара іс-қимыл ұйымдастырылады.

44. Штаттық емес жағдайларды шешу мақсатында хабарламалар мен электрондық құжаттарды қабылдау, жөнелту және жолдау туралы, сондай-ақ сенім білдірілген үшінші тараптың түбіртегін ресімдеу туралы ақпаратты қамтитын, №9 қосымшаға сай қисынды операциялар мен оқиғалардың тізбесіне сәйкес аудит журналы жүргізіледі.

IV. Дау-дамайлы жағдайларды шешу

45. Электрондық құжаттармен алмасу кезінде туындайтын және электрондық құжаттармен алмасуға қандай да бір қатысушылар ЭЦҚ төлнұсқалығын даулайтын жағдай дау-дамайлы жағдай болып танылады.

46. Дау-дамайлы жағдайлар Комиссия бекіткен дау-дамайлы жағдайларды шешу тәртібіне сәйкес шешуге жатады.

Еуразиялық экономикалық
одаққа мүше мемлекеттердің
мемлекеттік билік
органдарының бір-бірімен
және Еуразиялық
экономикалық комиссиямен
трансшекаралық өзара іс-
қимылы кезінде электрондық
құжаттармен алмасу туралы
ережеге
№ 1 ҚОСЫМША

Электрондық құжаттарды қалыптастыру мен өңдеуге қойылатын ТАЛАПТАР

1. Сыртқы және өзара сауданың интеграцияландырылған ақпараттық жүйесінде және оның функционалдық мүмкіндіктерін кеңейту негізінде құрылған Одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің (бұдан әрі тиісінше – мүше мемлекеттер, Одақ) мемлекеттік билік органдарының бір-бірімен және Еуразиялық экономикалық комиссиямен трансшекаралық өзара іс-қимылы кезінде пайдаланылатын электрондық құжаттардың (бұдан әрі тиісінше – электрондық құжаттар, интеграцияланған жүйе) біріздендірілген құрылымы болады.

2. Электрондық құжаттың біріздендірілген құрылымы мынадай негізгі элементтерді (блоктарды) қамтиды:

а) электрондық құжаттың контейнері;

б) бір немесе бірнеше электрондық цифрлық қолтаңбалар (электрондық қолтаңба) (бұдан әрі – ЭЦҚ);

в) электрондық құжат түрлерінің құрылымдары (мәліметтері);

г) интеграцияландырылған жүйе арқылы электрондық құжат берген кезде электрондық құжаттың контейнеріне салынатын сенім білдірілген үшінші тараптың түбіртегі.

3. Электрондық құжаттар түрлерінің құрылымдары (мәліметтер) Одақ шеңберіндегі әрбір ортақ процесс үшін Еуразиялық экономикалық комиссия бекітетін, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешіміне сәйкес әзірленген, Одақ шеңберіндегі ортақ процестің интеграцияланған жүйесінің құралдарымен іске асыру кезінде ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттарда (бұдан әрі – ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар) айқындалады.

4. Электрондық құжаттың біріздендірілген құрылымын сипаттау кезінде тізбесі 1-кестеде берілген атаулардың кеңістігі пайдаланылады

1-кесте

Құжат атаулары кеңістіктерінің тізбесі

Сөз алды қосымшасы	Мекенжай
doc	urn:EEC:SignedData:v1.0:EDoc
ds	http://www.w3.org/2000/09/xmldsig#
xs	http://www.w3.org/2001/XMLSchema

5. Электрондық құжаттың біріздендірілген құрылымы 2-кестеде беріледі.

2-кесте

Электрондық құжаттың біріздендірілген құрылымы

Элемент	Деректер типі	Сипаттамасы	Еселігі
doc:SignedDoc	doc:SignedDoc Type	электрондық құжат контейнері	1
doc:Data	қамтылған электрондық құжаттың блогы	doc:DataType	1
ds:Signature	сенім білдірілген үшінші тараптың түбіртегі	ds:SignatureType	0..1

6. Қамтылған doc:Data электрондық құжатының блогы жөнелтуші деңгейінде қалыптастырылатын бір немесе бірнеше ЭЦҚ, сондай-ақ осы ЭЦҚ қол қойылған деректерді қамтуға тиіс. Қамтылған doc:Data электрондық құжатының блогы 3-кестеде берілген құрылымға сәйкес келуге тиіс.

Қамтылған электрондық құжат блогының құрылымы

Элемент	Деректер типі	Сипаттамасы	Еселігі
doc:Data	doc:DataType	қамтылған электрондық құжаттың блогы	1
@Id	xs:ID	қамтылған электрондық құжат блогының атрибут-сәйкестендіргіші	1
ds:Signature	ds:SignatureType	электрондық құжаттың ЭЦҚ	1..*
doc:SignedContent	–	қол қойылатын деректердің блогы	1
@Id	xs:ID	қол қойылатын деректер блогының атрибут-сәйкестендіргіші	1
@DocInstance	xs:anyURI	электрондық құжаттың бірегей сәйкестендіргіші	1
Электрондық құжаттар (мәліметтер) түрлерінің құрылымдары	электрондық құжаттар (мәліметтер) түрлері құрылымдарының типімен айқындалады	электрондық құжаттар (мәліметтер) түрлерінің бір немесе бірнеше құрылымы	1..*

7. doc:Data/@Id атрибуты қамтылған электрондық құжат блогының сәйкестендіргішін қамтуға тиіс. Атрибут мәнін жөнелтуші xml:id Version 1.0 W3C Recommendation 9 September 2005, <http://www.w3.org/TR/xml-id/> стандартының (бұдан әрі - xml-id стандарты) талаптарына сәйкес айқындайды.

8. doc:SignedDoc/doc:Data/ds:Signature элементі электрондық құжаттың ЭЦҚ қамтуға тиіс, оны қалыптастыру алгоритміне мынадай талаптар қойылады:

а) ЭЦҚ форматы, оның атрибуттары мен элементтері XMLDsig стандартының не XAdES стандартының талаптарына сәйкес келуге тиіс;

б) ds:Signature/@Id атрибуты ЭЦҚ сәйкестендіргішін қамтуға тиіс. Атрибут мәнін жөнелтуші xml-id стандартының талаптарына сәйкес айқындайды;

в) егер ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттарда өзгеше көрсетілмеген болса, doc:SignedContent блогына ЭЦҚ қол қойылуға тиіс. doc:SignedContent блогына сілтеме жасау үшін ЭЦҚ құрылымынан doc:SignedContent/@Id атрибутының мәнін пайдалану қажет;

г) ds:Signature элементінің құрамында XMLDsig стандартының талаптарына сәйкес ЭЦҚ және ЭЦҚ-ны тексеру кілтінің сертификаты қамтылуға тиіс.

9. doc:SignedContent/@Id атрибуты қол қойылатын деректер блогының сәйкестендіргішін қамтуға тиіс. Атрибут мәнін жөнелтуші xml-id стандартының талаптарына сәйкес айқындайды.

10. doc:SignedContent/@DocInstance атрибуты RFC 4122, A Universally Unique Identifier (UUID) URN Namespace (Network Working Group. RFC 4122. "A Universally Unique Identifier (UUID) URN Namespace". <http://www.ietf.org/rfc/rfc4122.txt>) стандартының қағидаларына сәйкес қалыптастырылған электрондық құжаттың бірегей технологиялық сәйкестендіргішін қамтуға тиіс.

11. doc:SignedContent блогы ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттарда айқындалатын электрондық құжаттар (мәліметтер) түрлерінің құрылымдарын қамтуға тиіс.

12. doc:SignedDoc/ds:Signature элементі сенім білдірілген үшінші тараптың түбіртегін білдіреді. Элементті сенім білдірілген үшінші тарап қалыптастырады. Элементті электрондық құжатты жөнелтуші қалыптастыруға тиіс емес.

13. Электрондық құжаттың ЭЦҚ қол қойылған деректердің тұтастығын тексеруді жөнелтушінің сенім білдірілген үшінші тарапы XMLDsig стандартының 3.2-бөлімінде сипатталған рәсімге сәйкес орындайды. Тұтастықты тексеру рәсімі орындалатын деректер блоктары осы құжаттың "в" тармақшасының талаптарына сәйкес айқындалады.

14. Электрондық құжаттарды өңдеу Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 27 қаңтардағы № 5 шешімімен бекітілген Сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінде деректермен электрондық алмасу қағидаларына сәйкес, сондай-ақ мынадай ережелерді есепке алғанда, ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттардың талаптарына сәйкес орындалады:

а) қамтылған электрондық құжаттың блогын құрылымдық бақылау кезеңі XSD-схемасы бойынша электрондық құжаттың біріздендірілген құрылымын тексеруді, сондай-ақ электрондық құжаттар (мәліметтер) түрлерінің құрылымдарын тексеруді қамтиды;

б) алушының сенім білдірілген үшінші тарапының түбіртегін тексеру операциясы қамтылған электрондық құжатты құрылымдық бақылау кезеңі орындалғанан кейін орындалуға тиіс;

в) егер шеңберінде электрондық құжат берілетін ақпараттық өзара іс-қимыл тәртібіне сәйкес алушыға "Алынды" растау белгісін беру көзделген болса, онда сенім білдірілген үшінші тараптың түбіртегін тексеру операциясы мұндай растау белгісі жіберілгеннен кейін орындалады.

Еуразиялық экономикалық
одаққа мүше мемлекеттердің
мемлекеттік билік
органдарының бір-бірімен
және Еуразиялық
экономикалық комиссиямен
трансшекаралық өзара іс-
қимылы кезінде электрондық

Электрондық құжат деректерінің схемасы

```
<?xmlversion="1.0" encoding="UTF-8"?>
  <xs:schemaxmlns:xs="http://www.w3.org/2001/XMLSchema" xmlns:doc="urn:EEC:
SignedData:v1.0:EDoc" xmlns:ds="http://www.w3.org/2000/09/xmldsig#" targetNamespace
="urn:EEC:SignedData:v1.0:EDoc" elementFormDefault="qualified" attributeFormDefault="
unqualified">
  <xs:import namespace="http://www.w3.org/2000/09/xmldsig#" schemaLocation="http://
www.w3.org/TR/2002/REC-xmldsig-core-20020212/xmldsig-core-schema.xsd#"/>
  <xs:element name="SignedDoc" type="doc:SignedDocType">
  <xs:annotation>
  <xs:documentation>Электрондық құжат</xs:documentation>
  </xs:annotation>
  </xs:element>
  <xs:complexType name="SignedDocType">
  <xs:annotation>
  <xs:documentation> "Электрондық құжат" деректер типі</xs:documentation>
  </xs:annotation>
  <xs:sequence>
  <xs:element name="Data">
  <xs:annotation>
  <xs:documentation>Қамтылған электрондық құжаттың блогы</xs:documentation>
  </xs:annotation>
  <xs:complexType>
  <xs:complexContent>
  <xs:extension base="doc:DataType">
  <xs:attribute name="Id" type="xs:ID" use="required"/>
  </xs:extension>
  </xs:complexContent>
  </xs:complexType>
  </xs:element>
  <xs:element ref="ds:Signature" minOccurs="0">
  <xs:annotation>
  <xs:documentation>Сенім білдірілген үшінші тараптың түбіртегі</xs:documentation>
  </xs:annotation>
  </xs:element>
```



```

</xs:sequence>
</xs:complexType>
<xs:complexType name="DataType">
<xs:annotation>
    <xs:documentation> Қамтылған электрондық құжат блогының типі</xs:
documentation>
</xs:annotation>
<xs:sequence>
<xs:element ref="ds:Signature" maxOccurs="unbounded">
<xs:annotation>
    <xs:documentation> Электрондық цифрлық қолтаңба (электрондық қолтаңба)</xs:
documentation>
</xs:annotation>
</xs:element>
<xs:element name="SignedContent">
<xs:annotation>
<xs:documentation> Қол қойылатын деректердің блогы</xs:documentation>
</xs:annotation>
<xs:complexType>
<xs:sequence>
<xs:any namespace="##any" processContents="lax" maxOccurs="unbounded">
<xs:annotation>
    <xs:documentation> Электрондық құжаттар (мәліметтер) түрлерінің құрылымы</xs:
documentation>
</xs:annotation>
</xs:any>
</xs:sequence>
<xs:attribute name="Id" type="xs:ID" use="required">
<xs:annotation>
    <xs:documentation> Қол қойылатын деректер блогының атрибут-сәйкестендіргіші</
xs:documentation>
</xs:annotation>
</xs:attribute>
<xs:attribute name="DocInstance" type="xs:anyURI" use="required">
<xs:annotation>
    <xs:documentation> Электрондық құжаттың бірегей сәйкестендіргіші</xs:
documentation>
</xs:annotation>
</xs:attribute>

```

```

</xs:complexType>
</xs:element>
</xs:sequence>
</xs:complexType>
</xs:schema>

```

Еуразиялық экономикалық
 одаққа мүше мемлекеттердің
 мемлекеттік билік
 органдарының бір-бірімен
 және Еуразиялық
 экономикалық комиссиямен
 трансшекаралық өзара іс-
 қимылы кезінде электрондық
 құжаттармен алмасу туралы
 ережеге
 № 3 ҚОСЫМША

Сенім білдірілген үшінші тараптың түбіртектерін қалыптастыруға және өңдеу тәртібіне қойылатын ТАЛАПТАР

1. Сенім білдірілген үшінші тараптың түбіртегі (бұдан әрі – түбіртек) түбіртектің қосымша деректемелерін қамтитын XAdES (XAdES-T нысаны) форматындағы электрондық XML-құжаты болып табылады.

2. Түбіртекті қалыптастыруға және өңдеу тәртібіне қойылатын талаптарды сипаттаған кезде тізбесі 1-кестеде берілген атаулардың кеңістігі пайдаланылады.

1-кесте

Құжат атаулары кеңістігінің тізбесі

Сөз алды қосымшасы	Мекенжай
rcpt	urn:EEC:TTP:v1.0:receipt
doc	urn:EEC:SignedData:v1.0:EDoc
ds	http://www.w3.org/2000/09/xmldsig#
xades	http://uri.etsi.org/01903/v1.3.2#
xs	http://www.w3.org/2001/XMLSchema

3. Түбіртекті толтырған кезде 2-кестеде берілген алгоритмдердің сәйкестендіргіштері пайдаланылады.

Түбіртектің, түбіртектің негізгі және қосымша деректемелері блоктарының XAdES форматындағы құрылымдары 3 –5-кестелерде берілді.

2-кесте

Алгоритмдердің сәйкестендіргіштері

Алгоритм	Сәйкестендіргіш
XML каноникализациялау алгоритмі	http://www.w3.org/2001/10/xml-exc-c14n#

ЭЦҚ мәндерін кодтаудың және хэш-соманың алгоритмі	http://www.w3.org/2000/09/xmldsig#base64
---	---

3-кесте

Түбіртектің құрылымы

Элемент	Деректер типі	Сипаттамасы	Еселігі
ds:Signature	ds:SignatureType	түбіртектің айналма элементі	1
@Id	xs:ID	түбіртектің хабарлама шеңберінде бірегей атрибут-сәйкестендіргіші. XML-блоктардың сәйкестендіргіштері н беру қағидалары 6-кестеде берілген	1
ds:SignedInfo	ds:SignedInfoType	кол қойылған деректер блогының айналма элементі	1
ds:CanonicalizationMethod	ds:CanonicalizationMethodType	XML каноникализациялау алгоритмінің айналма элементі	1
@Algorithm	xs:anyURI	XML каноникализациялау алгоритмінің сәйкестендіргіші. Сәйкестендіргіштерді беру қағидалары 2-кестеде берілген	1
ds:SignatureMethod	ds:SignatureMethodType	ЭЦҚ қалыптастыру алгоритмінің айналма элементі	1
@Algorithm	xs:anyURI	ЭЦҚ қалыптастыру алгоритмінің атрибут-сәйкестендіргіші. Сәйкестендіргіштер тізбесі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарының бір-бірімен және Еуразиялық экономикалық комиссиямен трансшекаралық өзара іс-қимылы кезінде электрондық құжаттармен алмасу туралы ережеге № 8 қосымшада берілген	1

ds:Reference	ds:ReferenceType	түбіртек манифестіне арналған сілтеменің айналма элементі	1
@URI	xs:anyURI	манифест блогының XML-элементіне арналған атрибут-сілтеме	1
@Type	xs:anyURI	манифестке арналған сілтеме ретінде атрибут, ds : References сәйкестендіруші блок "http://www.w3.org/2000/09/xmldsig#Manifest" мәнімен толтырылады	1
ds:Transforms	ds:TransformsType	трансформациялар тізбесінің айналма элементі	1
ds:Transform	ds:TransformType	трансформациялаудың айналма элементі	1
@Algorithm	xs:anyURI	X M L каноникализациялау алгоритмінің атрибут-сәйкестендіргіші . Сәйкестендіргіштер беру қағидалары 2-кестеде берілген	1
ds:DigestMethod	ds:DigestMethodType	хэш-соманы есептеу алгоритмінің айналма элементі	1
@Algorithm	xs:anyURI	түбіртек үшін хэш-соманы есептеу алгоритмінің атрибут-сәйкестендіргіші . Сәйкестендіргіштер тізбесі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарының бір-бірімен және Еуразиялық экономикалық комиссиямен трансшекаралық өзара іс-қимылы кезінде электрондық құжаттармен алмасу туралы ережеге № 8 қосымшада берілген	1
ds:DigestValue	ds:DigestValueType	XML каноникализациялау жүргізгеннен кейін хэш-сома мәні	1

ds:Reference	ds:ReferenceType	түбіртектің негізгі деректерінің қол қойылатын блогына арналған сілтеме үшін айналма элемент	1
@URI	xs:anyURI	4-кестеде бірілген хабарлама шеңберінде бірегей, түбіртектердің негізгі деректемелері блогының XML-элементіне арналған атрибут-сілтеме	1
@Type	xs:anyURI	түбіртектің негізгі деректемелерінің блогына арналған сілтеме ретіндегі атрибуты, ds:Reference сәйкестендіруші блок атрибут. "urn:EUC:TPP:v1.0:receipt:details" мәнімен толтырылады	1
ds:Transforms	ds:TransformsType	трансформациялар тізбесінің айналма элементі	1
ds:Transform	ds:TransformType	трансформациялаудың айналма элементі	1
@Algorithm	xs:anyURI	X M L каноникализациялау алгоритмінің атрибут-сәйкестендіргіші . Сәйкестендіргіштер беру қағидалары 2-кестеде берілген	1
ds:DigestMethod	ds:DigestMethodType	хэш-соманы есептеу алгоритмінің айналма элементі	1
@Algorithm	xs:anyURI	түбіртек үшін хэш-соманы есептеу алгоритмінің атрибут-сәйкестендіргіші . Сәйкестендіргіштер тізбесі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарының бір-бірімен және Еуразиялық экономикалық комиссиямен трансшекаралық өзара іс-қимылы кезінде электрондық	1

		құжаттармен алмасу туралы ережеге № 8 қосымшада берілген	
ds:DigestValue	ds:DigestValueType	XML каноникализациялау жүргізгеннен кейін түбіртектің негізгі деректерінің блогы хэш-сомасының мәні	1
ds:Reference	ds:ReferenceType	XAdES форматында түбіртектің қосымша деректемелерінің блогына арналған сілтеменің айналма элементі	1
@URI	xs:anyURI	5-кестеде берілген, XAdES форматындағы түбіртектің қосымша деректемелері блогының XML-элементіне арналған атрибут-сілтеме	1
@Type	xs:anyURI	XAdES форматында түбіртектің қосымша деректемелерінің блогына арналған сілтеме ретінде атрибут, ds:Reference сәйкестендіруші блок." http://uri.etsi.org/01903#SignedProperties " мәнімен толтырылады	1
ds:Transforms	ds:TransformsType	трансформациялар тізбесінің айналма элементі	1
ds:Transform	ds:TransformType	Трансформациялаудың айналма элементі	1
@Algorithm	xs:anyURI	X M L каноникализациялау алгоритмінің атрибут-сәйкестендіргіші . Сәйкестендіргіштер беру қағидалары 2-кестеде берілген	1
ds:DigestMethod	ds:DigestMethodType	хэш-соманы есептеу алгоритмінің айналма элементі	1
		түбіртек үшін хэш-соманы есептеу алгоритмінің атрибут-сәйкестендіргіші . Сәйкестендіргіштер тізбесі Еуразиялық	

@Algorithm	xs:anyURI	экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарының бір-бірімен және Еуразиялық экономикалық комиссиямен трансшекаралық өзара іс-қимылы кезінде электрондық құжаттармен алмасу туралы ережеге № 8 қосымшада берілген	1
ds:DigestValue	ds:DigestValueType	X M L каноникализациялау жүргізгеннен кейін XAdES форматында түбіртектің қосымша деректерінің блогы хэш-сомасының мәні	1
ds:SignatureValue	ds:SignatureValueType	X M L каноникализациялау жүргізгеннен кейін ds: SignedInfo элементі үшін есептелген ЭЦҚ мәні	1
ds:KeyInfo	ds:KeyInfoType	ЭЦҚ қалыптастыру кезінде пайдаланылған негізгі ақпараттың айналма элементі	1
ds:X509Data	ds:X509DataType	сенім білдірілген үшінші тараптың ЭЦҚ-ны тексеру кілті сертификатының айналма элементі	1
ds:X509Certificate	xs:base64Binary	сенім білдірілген үшінші тараптың ЭЦҚ-ны тексеру кілтінің сертификаты	1
ds:Object	ds:ObjectType	деректердің қосымша блоктарының айналма элементі	1
ds:Manifest	ds:ManifestType	манифест блогының айналма элементі	1
@Id	xs:ID	манифесттің хабарлама шеңберінде бірегей атрибут-сәйкестендіргіші . Сәйкестендіргіштер беру қағидалары 6-кестеде берілген	1

ds:Reference	ds:ReferenceType	қол қойылатын электрондық құжатқа арналған сілтеменің айналма элементі	1
@URI	xs:anyURI	қамтылған электрондық құжат блогының XML-элементіне арналған атрибут-сілтеме . Электрондық құжаттың түбіртек қалыптастырылатын doc:SignedDoc/doc:Data/@Id арналған сілтеме болуға тиіс	1
ds:Transforms	ds:TransformsType	трансформациялар тізбесінің айналма элементі	1
ds:Transform	ds:TransformType	трансформацияның айналма элементі	1
@Algorithm	xs:anyURI	X M L каноникализациялау алгоритмінің атрибут-сәйкестендіргіші . Сәйкестендіргіштер беру қағидалары 2-кестеде берілген	1
ds:DigestMethod	ds:DigestMethodType	хэш-соманы есептеу алгоритмінің айналма элементі	1
@Algorithm	xs:anyURI	түбіртек үшін хэш-соманы есептеу алгоритмінің атрибут-сәйкестендіргіші . Сәйкестендіргіштер тізбесі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарының бір-бірімен және Еуразиялық экономикалық комиссиямен трансшекаралық өзара іс-қимылы кезінде электрондық құжаттармен алмасу туралы ережеге № 8 қосымшада берілген	1
		осы құжаттың 17-тармағына сәйкес қалыптастырылатын	

ds:DigestValue	ds:DigestValueType	X M L каноникализациялау жүргізгеннен кейін қол қойылатын электрондық құжаттың хэш-сомасының мәні	1
rcpt:Receipt	rcpt:ReceiptType	түбіртектің негізгі деректемелерінің блогы. Блок сипаттамасы 4- кестеде берілген	1
xades:QualifyingProperties	x a d e s : QualifyingPropertiesType	XAdES форматында түбіртектің қосымша деректемелерінің блогы. Блок сипаттамасы 5- кестеде берілген	1

4-кесте

Түбіртектің негізгі деректемелері блогының құрылымы

Элемент	Деректер типі	Сипаттамасы	Еселігі
rcpt:Receipt	rcpt:ReceiptType	түбіртектің негізгі деректемелері блогының айналма элементі	1
@Id	xs:ID	түбіртектің негізгі деректемелері блогының хабарлама шеңберінде бірегей атрибут-сәйкестендіргіші . Сәйкестендіргіштер беру қағидалары 6- кестеде берілген	1
rcpt:ReceiptId	xs:anyURI	қалыптастырылған түбіртектің бірегей сәйкестендіргіші. Сәйкестендіргіштер қалыптастыру қағидалары осы құжаттың 5-тармағында берілген	1
rcpt:DocId	xs:anyURI	түбіртек қалыптастырылған электрондық құжаттың сәйкестендіргіші. Сәйкестендіргіштер қалыптастыру қағидалары осы құжаттың 6-тармағында берілген	1
		тексеру нәтижелері туралы мәліметтердің блогы. Блокты	

rcpt:Report	–	қалыптастыру қағидалары осы құжаттың 7-12 тармақтарында берілген	1
rcpt:Success	rcpt:SuccessType	тексеру табысты орындалғанын көрсететін элемент	0..*
rcpt:Error	rcpt:ErrorType	тексеру кезінде қате туындағанын көрсететін элемент	0..*
rcpt:AttachedData	–	қосымша мәліметтердің блогы. Блокты қалыптастыру қағидалары осы құжаттың 13-тармағында берілген	0..1
один или несколько элементов блока	xs:any	қосымша мәліметтердің қамтылған блогы	1..*

5-кесте

XAdES форматында түбіртектің қосымша деректемелері блогының құрылымы

Элемент	Деректер типі	Сипаттамасы	Еселігі
xades:QualifyingProperties	x a d e s : QualifyingPropertiesType	XAdES форматында түбіртектің қосымша деректемелері блогының айналма элементі	1
xades:SignedProperties	x a d e s : SignedPropertiesType	түбіртектің қол қойылатын ерекшеліктерінің блогы	1
@Id	xs:ID	XAdES форматында түбіртектің қол қойылатын ерекшеліктері блогының атрибут-сәйкестендіргіші . Сәйкестендіргіштер беру қағидалары 6-кестеде берілген	1
x a d e s : SignedSignatureProperties	x a d e s : SignedSignatureProperties Type	айналма элемент	1
xades:SigningCertificate	xades:CertIDListType	сенім білдірілген үшінші тараптың ЭЦҚ-ны тексеру кілтінің сертификатын пайдалану туралы мәліметтердің айналма элементі	1
		сенім білдірілген үшінші тараптың ЭЦҚ-ны тексеру кілтінің	

xades:Cert	xades:CertIDType	пайдаланылған сертификаты туралы мәліметтердің айналма элементі	1
xades:CertDigest	xades:DigestAlgAndValueType	сенім білдірілген үшінші тараптың ЭЦҚ-ны тексеру кілтінің пайдаланылған сертификатының хэш-сомасының айналма элементі	1
ds:DigestMethod	ds:DigestMethodType	хэш-соманы есептеу алгоритмінің айналма элементі	1
@Algorithm	xs:anyURI	түбіртек үшін хэш-соманы есептеу алгоритмінің сәйкестендіргіші. Сәйкестендіргіштер тізбесі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарының бір-бірімен және Еуразиялық экономикалық комиссиямен трансшекаралық өзара іс-қимылы кезінде электрондық құжаттармен алмасу туралы ережеге № 8 қосымшада берілген	1
ds:DigestValue	ds:DigestValueType	сенім білдірілген үшінші тараптың ЭЦҚ-ны тексеру кілтінің сертификаты хэш-сомасының мәні	1
ds:IssuerSerial	ds:X509IssuerSerialType	айналма элемент	1
ds:X509IssuerName	xs:string	сенім білдірілген үшінші тараптың ЭЦҚ-ны тексеру кілтінің сертификатын дайындаған куәландырушы орталықтың атауы (Issuer жолағы X.509 стандартына сәйкес толтырылады)	1
		сенім білдірілген үшінші тараптың ЭЦҚ-ны	

ds:X509SerialNumber	xs:integer	тексеру кілті сертификатының сериялық нөмірі (SerialNumber жолағы X.509 стандартына сәйкес толтырылады)	1
xades:SignatureProductionPlace	xades:SignatureProductionPlaceType	түбіртек қалыптастыру орнының (сегментінің) айналма элементі	1
xades:CountryName	xs:string	түбіртек қалыптастыру орнының (сегментінің) сәйкестендіргіші. Толтыру қағидалары осы құжаттың 14-тармағында берілген	1
xades:SignerRole	xades:SignerRoleType	түбіртек қалыптастыратын сенім білдірілген үшінші тараптың рөлі туралы мәліметтердің айналма элементі	1
xades:ClaimedRoles	xades:ClaimedRolesListType	айналма элемент	1
xades:ClaimedRole	xades:AnyType	сенім білдірілген үшінші тараптың рөлі. Рөлдер тізбесі осы құжаттың 15-тармағында берілген	1
xades:UnsignedProperties	xades:UnsignedPropertiesType	уақыт белгісін қамтитын түбіртектің қол қойылмаған ерекшеліктерінің блогы	1
xades:SignatureTimeStamp	xades:SignatureTimeStamp	уақытты көрсететін мөртабанға арналған айналма элемент	1
